

# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



## ҚАУІПСІЗ ӨНДІРІС ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

**2024 жылы 10 маусымда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай, арнайы құрылған комиссия еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген шеберлер мен цехтарды марапаттады.**



Атап айтқанда, комиссия мүшелері «Талаптарға сай нұсқамалар мен жұмысқа кірісер алдында оқытуды өткізуді» сапалы орындап, наряд-рұқсат беру мәселесінде жұмысты бұзуға жол бермеген, жұмыстың барлық түрлерінде қауіпсіз әдістерді пайдаланған цехтарға тоқталды. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысы Марат Яшев, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Кентанов және «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының бірінші орынбасары Сағыныш Оразбаев қатысушыларға

адал қызметі, қауіпсіз еңбегі үшін алғысын айтып, байқау жеңімпаздарының есімдерін жариялады.

Сонымен, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша, 1-орын «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қабат қысымын ұстау цехының шебері Төлеген Сардарбековке бұйырды, екінші орын «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының шебері Серік Нұртаевқа берілсе, жүлделі үшінші орынды «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ технологиялық сұйықты дайындау цехының шебері Берекет Құлбатыров жеңіп

алды. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бойынша, 1-орынды «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1 мұнай және газ өндіру цехының шебері Қайрат Мұратов иеленсе, 2-орын газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының шебері Ұлықпан Бердыхожаевқа бұйырды. Жүлделі 3-орын пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау және жөндеу цехының шебері Бисенғали Ходжаевқа берілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге естелік сыйлықтар табысталып, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қабат қысымын ұстау цехының басшылығына, сондай-ақ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау және жөндеу цехына ауыспалы «Үздік цех» кубогы табысталды.

Бүгінгі таңда Қаламқас және Жетібай кенорындарында 41 техникалық инспектор жұмыс істейді. Негізгі жұмыстан бөлек, техникалық инспекторлар еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін қатаң сақтауды қадағалап отырады. Мұнайшылар алдағы уақытта да осындай іс-шаралардың тұрақты түрде өтуіне тілектестік танытты.



Еңбекті қорғау мәдениетін жетілдіру, жұмыстағы жазатайым оқиғаларға жол бермеу, қауіпсіздік техникасы қағидаларын мүлтіксіз сақтау «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен қызмет-

керлерінің басым міндеттерінің бірі болмақ.

**М. Яшев,  
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысы**



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ

**Асарлату, жылу жинау, шүлен тарату «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мұнайшылары үшін де жат дүние емес. Тіпті ұжымның ерекше тұстарының бірі десек те болады. Мәселен, кеше ғана өткен қасиетті Рамазан айында Қаламқас кен орнының қызметкерлері аз қамтылған бір жанұяға Маңғыстау ауданы орталығынан баспана алып беріп, бүтін бір отбасының жүгін жеңілдетіп, батасын алған еді. Енді міне, қасиетті Құрбан Айт мейрамы қарсаңында маңғыстаумұнайгаздықтар тағы да бір сондай көп балалы отбасыға облыс орталығынан екі бөлмелі пәтер сыйлағалы жатыр деген қуанышты хабар келіп жетті. Елінің жел жағына пана болып, жұртының жоғын жоқтаған Қаламқас әулиенің есімі берілген кенорын қызметкерлерінің игі бастамасы ұжымда жаңа дәстүрге айнала бастағандай...**

Бұл жолы жомарттығымен жұртты сүйсіндірген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының мүшелері болды. Бастамашы топ - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1-МГӨЦ мұнайшылары. Жетібаймұнайгаздықтар бұл отбасыны біраз уақыттан бері қанатының астына алып, қамқорлап келген екен. Ұжым болып ұйысып алты бірдей баланы жалғыз асырап келе жатқан анаға азық-түлігімен, киім-кешегімен қарасып, жалдамалы пәтерінің ақысын да көтеріп келген.

Алайда, мұнымен жалғыз басты ананың мәселесі шешілмесіне көзі жеткен жетібайлықтар, «Жақсылық қылсаң, бүтін қыл» деген ұстаныммен қамқөңіл отбасыны бір қуанытып баспаналы етейік деген ұсыныспен Қоғамның кәсіподақ комитетіне шыққан. Нәтижесінде Компаниямыздың Кәсіподақ ұйымдары өзара ақылдасып, тар жол тайғақ кешсе де, аналық антынан алыстамаған замандасымызға Компания Кәсіподақ ұйымы мүшелерінің атынан Ақтау қаласының қақ ортасынан құны 10 миллион теңгелік 2 бөлмелі пәтер сыйлау туралы шешім қабылдаған. Сахилық деп осыны айт!

Сәрсенбінің сәтті күні, маусым айының 12 күні пәтер кілті көпбалалы анаға табысталды.

Ананың төбесі көкке жеткендей. Жанарында қуаныштың жасы... Бір жүгі жеңілдеп, ендігі жерде бауыр еті балаларын алаңсыз қалдыра алатын тұрағы, өз үйі – өлең төсегі бар екеніне әлі де сенбей тұрғандай. Қобалжулы.

- Сіздерге өзімнің және балаларымның атынан шын жүрегімнен алғысымды айтамын. Көп жылдар бойы үй жалдап жүріп, алты баламды жалғыз өзім өсіріп келемін. Басымызға түскен жоқшылық әбден шаршатты. Ақшаның жетіспеушілігінен көрмегеніміз жоқ. Осындай ауыр жағдайда жүргенімізді естіп, «Маңғыстаумұнайгаз» кәсіподақ комитеті, әсіресе Қаламқас және Жетібай мұнайшылары қол ұшын созып,



екі бөлмелі пәтер силады. Қуанышымызда шек жоқ! Алла разы болсын! Біздерге көрсеткен қайырымдылықтарыңыз Алладан қайтсын! Сіздерге алғысымыз шексіз! – деп алғысын жаудырды көпбалалы ана.

Балалар да ерекше көңілді, бөлмелерді аралап, төсектерге аунап, періште көңілмен тілеген ең үлкен армандарының орындалғанынан өздерін қоярға жер таппай жүр. Көздерінен мұнайшы аға-апаларына деген шексіз құрмет пен ризашылық көрініп тұр.

Игілікті істен Компания қызметкерлерінің «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры да шет қалмапты. Қор атынан бұл отбасына бұған дейін де жылу үлестіріліп келген. Енді міне жекеменшік шаңырақтарына көрімдік ретінде тұрмыстарын жеңілдететін бірінші қажеттіліктегі бұйымдар сыйға тартылды. «Көп түкірсе, көл» деген осындайдан қалған болар сірә!..

Осы орайда игі шараның жүзеге асуына атсалысқан барша әріптестерімізге алғыс айтамыз! Еңбектерің жана берсін. Алла жасаған жақсылықтарыңызды еселеп қайтарсын!



## НАЗНАЧЕНИЕ

**31 мая 2024 года первым заместителем Генерального директора АО «Мангистаумұнайгаз» назначен Вэнь Цзяцзюнь.**



Вэнь Цзяцзюнь родился 19 сентября 1978 года в КНР.

В 1999-2005 годах обучался в Российском государственном университете нефти и газа имени И. М. Губкина (магистр техники и технологии по

направлению «Геология и разведка полезных ископаемых»).

Трудовую деятельность начал в 2005 году с должности инженера ПТО компании «CNDОС».

С декабря 2005 по май 2024 года работал в АО «СНПС – Ай Дан Мунай»: прошел путь от ведущего супервайзера до президента данной компании.

## АВТОМАТИЗАЦИЯ УЧЕТА НЕФТИ И ГАЗА



**В рамках государственной программы «Цифровой Казахстан» Министерством энергетики РК и Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК ведутся работы по созданию и внедрению информационной системы учета нефти и газового конденсата (ИСУН).**

«Мангистаумұнайгаз» как один из флагманов нефтегазодобывающей отрасли страны, уделяет большое внимание вопросам развития цифровых технологий, способствующим оптимизации производственных процессов. В частности одним из важных направлений является внедрение систем учета нефти и газа, которые позволяют эффективно отслеживать движение энергоресурсов и обеспечивают прозрачность в отчетности.

В соответствии с приказом Министерства энергетики РК, необходимо обеспечить производственные объекты приборами учета нефти и газа до 1 января 2025 года. На сегодняшний день «Мангистаумұнайгаз» внедрил

системы учета нефти и газа на всех АГЗУ, ГУ и факельных установках. Ведутся работы по оснащению узлами учета всех потребителей на собственные нужды.

Информационная система учета нефти и газового конденсата является ключевым инструментом для эффективного управления нефтегазовыми ресурсами Казахстана. Она способствует повышению точности учета, прозрачности операций и снижению рисков, что в конечном итоге приводит к более эффективному и устойчивому развитию нефтегазовой отрасли страны.

**Р.Ибрашев**  
Директор ДАИТиС

# Тәжірибесі толысқан маман

Өндіріске ерте араласып, еңбекпен есейген жандардың бірі, бүгінде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнай айыру және өткізу цехының операторы Миллат Нәжімқызы. Қызметін абыроймен атқарып осы саланың ыстық-суығына төзіп жүрген тәжірибелі маман.



Еңбегімен еленген кейіпкеріміз «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының Мұнайды өткізу және айдау цехының сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының 4-дәрежелі операторы болып жұмыс істейді. Жетібай кенорнының ой-шұңқырын

білетіндігі сол, басшылық тапсырған жұмыстарды белсенді түрде атқарып, өндірістің өнімділігін аттыруға ширек ғасырға жуық өзіндік үлесін қосып жүр. Бала кезден өз ісіне ұқыптылықпен, жауапкершілікпен қарап тәжірибемен ұштастыра білген апамыз ұжымында абыройлы.

Кейіпкеріміз Қаратон ауылының тумасы. 1965 жылы отбасы Маңғыстауға қоныс аударғаннан бері әкесі Жетібай кенорнындағы Бұрғылау экспедициясында механик болып жұмыс істеген. Тағдырын өндіріспен өрген қызы да алғашқы еңбек жолын 1984 жылы сол уақыттағы «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінде операторлықтан бастаған. Өндіріс басына алғаш келген өрімдей қыз бағыт-бағдар көрсеткен аға буын өкілдеріне деген құрметін зор ықыласпен еске алады.

- Ол уақытта қазіргідей қарыштаған техниканың дәурені емес. Барлығын қолмен жасауға тура келді. Тіпті деңгей өлшегіш құралдың өзі



тұзданып кетіп, жөндеуді көп қажет етуші еді. Қазір бәрі басқаша. Цехымыз үлкейген. Компьютерлік бақылау ұдайы жасалады. Жағдай көп өзгерді. Өндіріс ісі көп алға басты, - дейді еңбек адамы.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнай айыру және өткізу цехында 100-ге жуық адам еңбек етеді. Цехтағы әрбір жұмысшының өзіне жүктелген міндеті зор. Өндіріс орнының барлық кәсіпшіліктерінен өндіріліп, жеткізілген мұнай өнімдерін үш бағытта қайта өңдеп айырып отырады.

- 2 сағат сайын май тұндырғышынан проба алып зертханада құрамын тексереміз. Жұмысыңды асқан қызығушылықпен, ыждағаттылықпен жасасаң бәрі де оңай болады, - дейді жұмыскер апамыз.

«Еңбегіне қарай — құрмет, жасына қарай — ізет», - демекші, мұнай саласында ұзақ жылдар бойы еселі еңбек етіп, ел экономикасының дамуына тамшыдай болса да серпін беріп жүрген апамыз еңбексүйгіштігі мен іске деген қарым-қабілетінің арқасында елеулі нәтижеге жеткен. Мамандығының қыр-сырын бірден меңгеріп, ұзақ жылғы еңбегінің жемісі ретінде Компания тарапынан бірнеше мәрте марапаттар алған.

Оператор апамыздың 40 жылдық еңбек жолында өнеге де, жастар ілетін бай тәжірибе де жетерлік.

Ең бастысы, туған елінің қазынасын еселеу жолындағы ерен еңбегін айт.

## Қара алтынның қара нары

«Еңбек адамы» айдарымыздың кезекті кейіпкері өндіріс саласында жұмыс істеу ең алдымен жоғары жауапкершілікті қажет етеді деп санайды. Арнұр Дүйсенов бүгінде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында сораптық компрессорлық құбырларды жөндеу цехында слесарь жөндеуші болып жұмыс істейді.



Осы цехтың белді маманы еңбектің қырманын қыздырып, қашан көрсең қалбалақтап кетіп бара жатады. Зырылдап жүргені — жұмыстың реті. Мұндағы қай қызметкердің де қолдары әсте босамайды. Слесарларға артылған жүктің салмағы ауыр.

Еңбек жолын 2004 жылы Қаламқас кенорнында өндірістік жұмыстарды прокаттау, жөндеу цехында тоқпен және газбен дәнекерлеуші қызметінен бастады.

- Өндірістің қызу тірлігі маған жат емес. Бала күнімізден ауыр тірлікке дағдыланып өстік. Сондықтан болар, ұжымға үйренісіп кеттім. Еңбек өнімділігінің артуына өзіндік қолтаңбамды қалдырып келе жатқанымды мақтан етемін. Келген маманды өз ісінің шебері етіп қалыптастыратын осындай алып өндірісте еңбек ету мен үшін үлкен мәртебе, - дейді кейіпкеріміз.

«Еңбек адамды қашан да бақытқа бөлейді» деген сөз бекер емес. Адал еңбектің арқасында әр адам өз бақытын табады. Өзіне ғана тиесілі, өзіне ғана лайық жолмен жүріп, тірлік жасайды. Осы орайда Компания тарапынан құрмет көрсетіліп, мақтау-марапатқа да ие болды. Жайсаң мінезді жақсы



ағаның жылдар бойғы тәжірибесіндегі кездескен қиындықтарды қайсарлықпен ноқталағаны, жанына білікті жігіт-желеңді жинап, ұйымшыл ортаны қалыптастырғаны көрініп-ақ тұр. Арнұр Дүйсеновтың ер жетіп, еңбекке араласқалы көргені осы өндіріс. Еңбек жолында таңдай терімен тапқан құрметі, құрметке бөлеп келе жатқан абырой-беделі бар.

Аға буын салған сара жолға адал Арнұрдай қаламқастық

мұнайшылардың да ел болашағына артқан сенімі мол, үміті үлкен. «Тозар елдің жанжалы көп, озар елдің арманы көп». Болашаққа сенім бар жерде істің оңға басуы даусыз. Сондықтан да қарапайым тірлік кешіп, ел қазынасының молаюына атсалысып жүрген Арнұр Дүйсенов секілді азаматтарды «қара алтынның» қара нарлары десе әсте жарасатындай...



ЖАС  
МАМАНДАР КЕҢЕСІ  
«МАНҒЫСТАУМУНАЙГАЗ» АҚ

## «ЖАСЫЛ ФИТНЕС» – ЖАЙЛЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ БАСТАУЫ



Компанияның жас мамандары мен мұнайымдықтар бірлесіп өткізген «Жасыл фитнес» таңғы жаттығуы қызметкерлерімізге жақсы көңіл-күй сыйлады. Бұл шараның Каспийдің жағалауында өткізілуінің өзі бір ерекше болды.

Аталған шараның ұйымдастырушысы автоматтандыру, ақпараттық технология және байланыс департаментінің инженер-бағдарламашысы Гаухар Сүйеуова жаттығудың денсаулыққа тигізетін пайдасы мен денені шынықтыру арқылы салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Жағажайдағы таңғы тыныштықта Гаухардың нұсқауымен жасалған жүйелі жаттығулар әріптестерімізге жаңа күш пен серпінділік берді.

Жалпы, спорттың қай түрі болмасын адамның иммунитетін көтеріп, энергия сыйлайды. Спорттық жаттығулармен, йогамен үздіксіз шұғылдану бойдағы күйзелістен, тіпті артық салмақтан арылуға көмектеседі. Осындай игі істер көбірек өткізіліп тұрса деген ұсыныс бар, - дейді «Мұнайым» әйелдер энергетикалық клубының белсенді мүшесі Шолпан Әбдіманап.

Іс-шараның соңы саф ауада жайылған таңғы шайға ұласты. Бұл күн жанға жайлы демалыстың бастауы



болды десек те болады. Фитнесті ұйымдастырушылар осы жобаның болашақта жалғасын табатындығына сендірді.

Айтпақшы, жаңалықтың жаршысы болып жүретін мұнайымдықтар әріптес-

терге арнап әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері кеңсенің ішкі ауласындағы гүлзар жанында таңғы медитация өткізуді бастады. Бұл адамның өзін еркін ұстауына, позитивпен толығуына және өнімді жұмыс күніне бейімделуіне бастайтын тамаша мүмкіндік. Ойды тың идеялармен және денені жаңа энергиямен толтыруға негіз болатын он бес минуттық ми тынықтыруға қосылып, бойға қуат, ойға шабыт алайық.

**А. Мұханова**  
ӘҚД аудармашысы



## БИТВА УМОВ

7 июня в Актау состоялась первая игра интеллектуального турнира «MMG QUIZ-2024», в которой за почетное звание самых эрудированных сразились знатоки из Каламкаса, Жетыбая и центрального аппарата.



В мероприятии, которое было организовано Советом молодых специалистов, приняли участие 16 команд.

Непосредственно сама игра состояла из семи туров, в каждом из которых участникам предстояло ответить на самые разнообразные вопросы из области истории, спорта, кино, нефтяного дела, музыки, а также на логические вопросы. Все туры проходили в азартной и упорной борьбе, команды вели соперничество за каждый балл.

В ходе битвы умов нефтяники не только смогли проверить свою скорость

реакции, командную работу, эрудицию, но и интересно провести время.

В итоге победителем первой игры «MMG QUIZ-2024» стала команда «8 Бит», о том насколько упорная и интригующая была битва говорит тот факт, что серебряных и бронзовых призеров пришлось определять лишь по дополнительным показателям. И так второе место завоевали знатоки из команды «Brent\$», на третью ступень пьедестала поднялась команда «OZIMIZ».

Руководство профкома Общества, председатели профкомов ПУ «Калам-



касмунайгаз» и «Жетыбаймунайгаз» поздравили победителей и призеров с отличной игрой и вручили дипломы и призы.

До конца текущего года планируется проведение еще трех игр, по итогам которых будет определен

победитель регулярного чемпионата (команда набравшая наибольшее количество баллов по результатам 4 игр). В связи с этим результаты каждой игры будут суммироваться и вноситься в общую таблицу. Заключительная четвертая игра станет финальной, в ней будет также определен победитель и призеры непосредственно Гранд-финала.

Так что все команды еще сохраняют высокие шансы стать чемпионами регулярного чемпионата, а затем побороться и за главный приз!



# «Бірлік болмай тірлік болмайды»

**«Мен үшін ұжымдағы ауызбіршілік өте маңызды, Аллаға шүкір! Жанымдағы бұрыннан қызмет етіп жүргендер де, жақында қосылған мамандар да өз ісіне жауапты әрі тиянақты. Біздің жұмыскерлер арасындағы жылы қарым-қатынастың болуы – тізгінді тең ұстай білетін цех басшысы Ерлан Көшербаевтың да үлесі деп білемін».**

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының геологы Гүлнар Байходжаева қызметте де, өмірде де «бірлік болмай тірлік болмайды» деген ұстанымды ұнатады. 32 жылдық еңбек ғұмырнамасында әріптесіміздің кейінгі буынға үйрете алатындай еңбек тәжірибесі, білген-түйгені жетерлік.

- Қаламқас кенорнына он сегіз жасымда жұмысқа орналастым. Ең алғаш 1987 жылы жолдамамен №3 Мұнай және газ өндіру цехына оператор болып қабылданып, кейін осы цехта техник-геолог болып қызметімді жалғастырып жатырмын. Білімімді шыңдау мақсатында 2003 жылы Шахмардан Есенов атындағы

Ақтау мемлекеттік университетінен мұнай және газ геологиясы мамандығын игеріп, бүгінде соның жемісін көріп отырмын. Атқарған қызметіміз елеусіз қалмай, басшылық тарапынан ыстық ықылас, құрметке де ие болдық. Ең бастысы жұмысыңды жақсы көру,- дейді Гүлнар.

Кейіпкеріміз Компанияның өз жұмыскерлерінің еңбегін бағалап, мұнай саласында өзіндік қолтаңбасы бар ардагер мұнайшыларды қолдайтындығын, әсіресе тарихы тұнған түбектің қасиетті орындарына зиярат ету секілді игі шараларды ұдайы ұйымдастыратынын ризашылықпен жеткізді.

Бүгінде ол өзінің ізін жалғар ұлы Асылбек пен келіні Әселдің тілегін тілеп отырған аяулы ана,




немерелері Ясина мен Кәусарды мейірімге бөлейтін ардақты әже. Балаларына отбасы құндылығының мәнін жіті түсіндіріп, «Отбасы – сыйластық пен жарастық орнаған орта, кішкентай Отан» деуден танбайды. Жарты өмірін үй-ішінен жырақта өткізіп жүрсе де отбасының бақытты, бақуатты тұрмысын ойлайтын Гүлнар тілегі де, қуанышы да осы жеткіншектері екенін жүрегімен сезінеді.

Осы ретте, біз де еңбек адамының үлгілі портретін қалыптастырған мұнайымдық Гүлнарға тек қана табыстар тілейміз. Береке-бірлігі жарасқан шаңырақтың ұйытқысы, ұйымшыл ұжымның қолдаушысы ретінде абыройыңыз арта берсін демекпіз.



## Есебі түзудің - есесі түгел

**- Көпбалалы отбасыларға қызығушы едім. Алтын ұяда әке-шешемнің бетіме шаң тигізбей үкілеп өсірген бір ғана баласымын. Жолдасым Ерекең де отбасындағы жалғыз ұл, бір қайын апам бар. Бәлкім сол себептен болар, шүкір, бүгінде көпбалалы отбасымыз. Қазақта «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген жақсы сөз бар, туған үйімдегі ата-анамның, ақ босағамдағы ата-енемнің батасын алып, разылығына бөленіп жүрген жайым бар.**



Еңбек жолын мамандығы бойынша Құрықтағы Қазынашылық департаментінде бастаған Айгүл Асқар - бүгінде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бюджет және экономикалық талдау департаментінің жетекші экономисі. Компанияның медицина, күзет қызметі және жалақы бойынша, сондай-ақ кенорындардағы жұмыскерлердің тамақтану, жатын орын секілді қаржы саласындағы ірі жобаларына қатысып, өзіне тапсырылған міндеттерін асқан

жауапкершілікпен атқарып жүр.

- Өміріміздің жартысын жұмыста өткіземіз ғой. Таңертең жұмысыма қуанып келемін. Себебі жұмысым өзіме қатты ұнайды. Сөздің шыны керек, жұмыстағы атмосфера өзіңнің өзге адамдарға деген қарым-қатынасыңа байланысты. Басшылығым да, әріптестерім да өз жақынымдай болып кетті, - дейді Айгүл күлімсіреп.

Айгүл өзінің дене бітіміне, әдемі келбетіне, киген киіміне аса мән беретіндігін, сонымен

қатар «Ана деген - жас әрі әдемі хәм жігерлі болуы керек» деген өмірлік ұстанымы бар екендігін де жасырмады. Уақытылы дұрыс тамақтану, спортпен айналысу, пайдалы іспен шұғылдану - оның күнделікті үйреншікті ісіне айналған десек те болады. Үйдің шаруасы, балалардың сабағы, ата-ененің бабын жасауды да жан-тәнімен атқарады екен.

«Тәрбие - отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған. Саналы да, білімді бала болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Айгүлдің айтуынша, отбасында бала тәрбиесі, ұлттық дәстүр мен отбасылық құндылықтарды дәріптеу тұрғысында өмірлік жолдасы, осы мекемедегі Көлік департаменті автопаркінің бастығы Еркін Ғалиұлы да мықты қолдау көрсететін көрінеді. Сондай-ақ, балалардың мейілінше ата-әжелерінің қазақы тәрбиесіне, мейіріміне шомылып өсіп жатқанын тілге тиек етті:



- Өңірге белгілі сәулетші, парасат пайымымен елдің ықыласына бөленіп, біздің ақылшымызға айналған атамның еңбек жолы баршамызға үлгі. Еңбектің өр майдаһын көргендігі болар ұрпақтар сабақтастығын жалғауды үнемі естен шығармай, шежіре мен тәлім-тәрбиесін немерелеріне де сіңіріп отырады. Тұңғышымыз - Ертілек жігіт болды, Алматыдан университетін бітіріп келіп, қазір еңбекке араласып «ҚазМортрансфлот» ҰТКҚК жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жұмыс жасайды. Одан кейінгі ұлымыз Ердаулет - Түркия мемлекетінде жоғары білім алып жатыр. Өзімнің жолымды қуған Салихатым - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқиды. Мектеп жасындағы Әсел мен Мерей - оқу үздіктері. Ал тәттілеріміз Ерасыл мен Айбике - үйдің

тентектері. «Балалы үй базар» демекші, шаңырағымыз қашанда береке мен қуанышқа толы. Алла Тағаладан төріміздің сәні, үйретері көп алдымыздағы үлкендерімізге болашақта әр немересінің тойын көруді қызықтап, олардан өнген шөберелерінің қолынан су ішуді нәсіп етсе екен деген асыл арманымыз бар. Жол көрсетер ата-аналарымызды, мерейлі отбасымызды баға жетпес бақытым деп бағалаймын, - дейді тебіренген Айгүл.

Үйдегі мен түздегі жұмысын ыждағаттылықпен орындап, бүтін бір әулеттің бағын еселеп отырған кейіпкерімізге біз де жақсылық тілейміз. Ошақтың отын маздатып, шаңырақтың берекесі мен беделін асқақтата беріңіз дегіміз келеді.

**А. Мұханова**  
ӘҚД аудармашысы

## 5 МИНУТТЫҚ КЕҢЕС - ТАБЫСТЫ ЖҰМЫС КЕПІЛІ

«Oil Services Company» ЖШС-де операциялық тиімділік пен еңбек қауіпсіздігін арттыруға бағытталған елеулі өзгерістер жасақталды. Соның бірі "5 минуттық кеңес" құралын пайдалану арқылы компанияның әкімшілік құрылымдарының күнделікті таңғы жұмысын ұйымдастыру.

«5 минуттық кеңес» - жұмыс күнін тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету, міндеттер мен жоспарлар туралы ақпарат алмасу, қызметкерлердің физикалық денсаулығын сақтау, қызметкерлер арасындағы байланыс пен командалық рухты нығайту, ықтимал тәуекелдерді талдау әрі жұмыс процесін оңтайландырумен қоса үздіксіз жетілдіру мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін әдіс.

«5 минуттық кеңес» құралының ажырамас бөлігі бұл таңғы жаттығулар, қызметкерлердің физикалық жағдайын жақсартып қана қоймай, қан айналымын реттеп, кеңсе қызметкерлерінің денсаулығына оң нәтижесін берері сөзсіз.

Күнделікті кездесулер алға қойған мақсатқа қол жеткізуге бір команда болып, ми шабуылы арқылы бірге

талқылауға, тәжірибелерімен бөлісіп, оңтайлы шешім шығаруға ықпалдасады. Әдетте қызметімізде кездесетін ұсақ-түйек кедергілер, мысалы: А4 форматтағы қағаздар мен канцеляриялық құралдардың болмауы, компьютер құрылғыларын жөндеуге тапсырыс беру қажеттілігі, кідірісте тұрған хаттар мен құжаттар т.с.с. кедергілер дер кезінде шешімін таппаса, ол мерзімі ұзап, кейбір ірі операцияларда үлкен қиындық туғызады. Міне осындай ірі кедергілерге алып келетін кішігірім кедергілерді шешу арқылы тез арада ұсыныстарды саралау, алдын ала болжамдар жасауға бағытталған әлемдік құрал әлемнің Батыс, Жапония, АҚШ тіпті өз еліміздің жетік компанияларда тиімділігі дәлелденген.

«Oil Services Company» ЖШС қызметкерлері «5 минуттық кеңес»



Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасарының м.а. А.Жанғали мен Өндірістік бөлім қызметкерлерінің 5 минуттық кеңес өткізу сәтінен

құралының операциялық жүйеге оң әсер етіп, процестердің ашықтығын қамтамасыз ету, тапсырмаларды орындау уақытын қысқарту әрі кедергілерді азайту арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізе алатына сенеді. Өйткені «Oil Services Company» ЖШС инновацияға және тұрақты жетілдіруге, оң өзгерістерге батыл

қадам жасап жүрген компаниялардың бірі.

Қазіргі таңда «5 минуттық кеңес» құралы «Oil Services Company» ЖШС-нің корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

«Oil Services Company» ЖШС

## Еселі еңбек еленер

*Жігітте де жігіт бар, Азаматы бір бөлек...*

**Ерберген Смағұлұлы! Бұл кісіні жетібайлықтардың танымайтыны кемде-кем. Қай іс болмасын басшысы бар, қосшысы бар ағаның талай жылғы білік-білімін, тәжірибесін абырой санайды. Алғысқа бөленген азамат. Білікті маман. Бақытты әке.**



Ширек ғасырға жуық Бақылау өлшеу құрылғылары және автоматика инженері болып қызмет істеген ол бүгінде серіктестіктің өсіп-өркендеуіне бір кісідей үлес қосқан мықты мамандардың қатарын толықтырды.

Алғашқы еңбек жолын 1982 жылы Красноводск қаласындағы Мұнай-өңдеу зауытында бастаған ол «Мұнайтелеком» ЖШС 1997 жылы слесарь КИПиА болып орналасты.

Күні бүгінге дейін Жетібай кен-орнындағы Өндірісті автоматтандыру цехында Инженер КИПиА болып аянбай еңбек етіп келеді.

Қазіргі таңда өндірісті автоматтандыру саласына енгізілген жаңа технологиялардың көмегімен еңбек өнімді, жұмыс нәтижелі жүріп жатыр. Техниканың тілін тапқан инженер мамандарына алып цехта артылған жауапкершілік зор. Күні-түні қазандықтың деңгейін өлшейтін құрылғылардың қалтқысыз жұмыс істеуі, сорғылардың істен шықпауын қатаң қадағалайтын қырағы мамандар қай нәрсені де қалт жібермейді. Алып компанияларға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын мекеме әркез мықты мамандарын мақтан тұтады.

Қазіргі таңда Құдай қосқан қосағымен 1 ұл, 2 екі қыз тәрбиелеп, немере сүйіп бақытты шаңырақтың иесі Ерберген Смағұлұлы Алла амандық берсе құрметті еңбек демалысына шығады. Еңбектің зейнетін көру деген осы емес пе!?. Маңдай тер, адал еңбектің шыңға шығаратынын осыдан көр!

«Мұнайтелеком» ЖШС



## Білікті маман – қоғам сұранысы

**Цифрландыру үдерісі елдің өркениетке ілесіп, халықтың өмір сүру сапасын жақсартып, экономиканың даму қарқынын жеделдетеді. Осы орайда елімізде IT мамандарының орны ерекше. Бұл бағытта «Oil Construction Company» серіктестігінде он жылдан аса ақпараттық технологиялар тобына Қанат Сейдахметов жетекшілік етеді.**

Қанат Серікжанұлы Алматы облысы Талдықорған қаласында өмірге келген. Сол жердегі политехникалық колледжді есептеу машиналары, жүйелері және желілері шебері мамандығы бойынша тәмамдаған. Одан соң қос жоғары білімін ақпараттық жүйелер және есеп, аудит мамандықтары бойынша алады.

IT маманы өте жылдам дамып жатқан цифрландыру үдерісіне бейімделе білуі қажет. Қанат осы бағытта 15-тен аса біліктілік көтеру курстарына қатысып, өзін үздіксіз дамытып отырған. Оның ішінде Н.Э.Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетінен «1С-Рейтинг Професионал 1С:ERP» дәрісін алған өңірдегі жалғыз маман.

Қанат Серікжанұлы серіктестіктің ақпараттық тобын басқаруымен бірге мұнай сервистік мекемелердің цифрлық жүйесіне жауапты мамандарға кеңес беріп отырады. Сондай-ақ дербес бағдарламалауды қолға алып жүр. Атап айтсақ, ол қызметкерлердің біліктілігін бағалау бойынша корпоративті тестілеу бағдарламасын жасап шығарған. Өндірісті оңтайландыру, қауіпсіздікті қашықтықтан тиімді бақылау мақсатында мобильді қосымша да әзірлеген.

«Ғылыми-техникалық және өндірістік есептерді математикалық модельдерді талдау мен алгоритмдік шешімдер арқылы есептеу жұмыстары бойынша 8 бағдарламаны жасап жүрмін. Әзірше патенттеп, қолданысқа енгізе қойған жоқпын. Ендігі мақсатым – халықаралық деңгейдегі жобаларды жасап шығару» дейді Қанат Сейдахметов.

Қанаттың аты қазірдің өзінде ТМД елдері арасындағы үздік жобалаушылар қатарында тұр. Ол бұл орынға 2018 жылы Мәскеуде еткен байқаудағы жұмысының нәтижесінде жайғасқан.

Өзі ойлап жүрген «ақылды» каска» жобасы өндірістегі еңбек адамының



қауіпсіздігін қалт жібермес еді. Жаңа бағдарлама да танымал отандық стартаптардың қатарына енетіні анық.

«Ақпараттық технология күн санап қарышты дамып келеді. Күнделікті тұрмыста, жұмысымызда кеңірек қолданылып жүр. Алда жасанды интеллект, жаңа бағдарламалар қолданысқа ене беретін болады. Өзім осы мамандықты таңдағаным өкінбеймін» дейді Қанат Серікжанұлы.

Қанат - жанұяда ұл-қыз тәрбиелеп отырған үлгілі әке. Балаларын да өзі терең меңгерген сала, сұранысқа ие мамандық - ақпараттық технологияны терең меңгеруге баулып жүр.



Бүгінде сан түрлі саламен сабақтасқан ақпараттық технология бағытындағы жүйелі жұмыстар ел дамуының негізгі тетігі болмақ. Осы орайда Қанат сияқты мамандардың рөлі зор.

Индира Сәтенбай  
"Oil Construction Company" ЖШС

# Уақыт хроникасы - 45 жылдық жылнама

Құрметті оқырман! Мұнайшылар шаһарының ескі келбеті кімді де болсын елең еткізері сөзсіз.

Қаламқас кенорнының 45 жылдығына орай редакция алқасы сол кездегі қайнаған өндірістің тынысы бейнеленген суреттерді осы айдарда жариялап отырады. Сонымен қатар кәсіпорынның іргетасын қалауға атсалысқан аға буын мұнайшылардың көне фотосуреттері де ұмытылмақ емес!



# ROAD TO PAVLODAR – 2024

**29 маусымда Ақтауда «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ компаниялар тобының жұмыскерлері арасында өткен 2024 жылғы жазғы спартакиаданың іріктеу ойындары аяқталды.**

Іріктеу ойындары спорттың 11 түрі - шағын футбол, волейбол, баскетбол, армрестлинг, жүзу, асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тарту, кибер-спорт, шахмат және үстел теннисінен өткен болатын.

Жарыс жеңімпаздары енді осы жылдың тамыз айында Павлодарда өтетін «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ спартакиадасының финалдық сайысына қатысады.

Сонымен іріктеу ойындарының қорытындысы бойынша Павлодарға тікелей жолдама алғандар:

- Волейбол - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның ерлер және әйелдер командалары;

- Армрестлинг - С. Нұрбаев («ҚМГ» ӨБ), Д.Әбубәкіров («ЖМГ» ӨБ) және Г. Смадиярова («ЖМГ» ӨБ);


- Үстел теннисі - Г. Сабалақова (ӘҚД);

- Жүзу - А. Фабидула (СД);

- Асық ату - А. Қарасаев («ҚМГ» ӨБ), А. Әділбаев («ҚМГ» ӨБ), М. Оразмағамбетова («ҚМГ» ӨБ);

- Тоғызқұмалақ - А. Қожалақова (ЕҚЖЕКҚОҚД)

Әріптестерімізді тамаша нәтижелерімен шын жүректен құттықтап, Павлодардағы жарыс додасында жеңіс тұғырынан көрінуін тілейміз!



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин  
- Л. Жолдыбаева  
- Ж. Кемал

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., № 1 үй,  
тел:  
212-035, 211-861  
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет  
шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР  
Мәдениет және  
ақпарат  
министрлігінде  
есепке  
қойылып,  
№ 9675 - Г  
күелігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы  
көзқарасын білдірмейді  
➤ Редакция оқырман хаттарына  
жауап бермейді және оны  
қайтармайды  
➤ Жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға  
болмайды

Газет АҚ-ның  
жұртшылықпен  
байланыс тобы-  
ның компьютерінде  
теріліп,  
беттелді.

Индексі: 64265

«Атис» ЖШС  
баспаханасында  
басылды.

Ақтау қаласы,  
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,  
1 үй, 3 кеңсе

тел: 8(7292)525 500